"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 1232 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж ., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11 ; 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45 46-құжаттар; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжаттар; N 13, 85-құжат; 2006 жылғы 19 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және орман шаруашылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2006 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2006 жылғы 12 шілдеде "Егемен Қазақстан" және " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне тұрғын үйдің жалға берілетін секторын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 152-баптың 1-тармағында:

7) тармақшада "тұрғын үй заемдары және аралық тұрғын үй заемдары" деген сөздер "заемдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 21, 382-құжат; 2003 ж., N 15, 139-құжат; 2005 ж., N 7-8, 22-құжат):

1) 2-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт - ол салымшы мен тұрғын үй құрылысы жинақ банкі арасындағы және/немесе салымшы, тұрғын үй құрылысы жинақ банкі және үшінші тұлғалар арасындағы, оның ішінде осы Заңға және тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес банктің агенті (агенттері) арқылы жасалатын шарт;";

8) тармақшада "жасасқан кезде" деген сөздер "жасасу бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшада "шарттық соманың кемінде елу процентін" деген сөздер " жинақталған ақшаның ең аз қажетті сомасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) алдын ала тұрғын үй заемы - тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасын жинақтау кезеңінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында салымшыға тұрғын үй құрылысы жинақ банкі беретін нысаналы заем.

Алдын ала тұрғын үй заемы шарттық соманы алғанға дейін негізгі борышты өтеу шартынсыз шарттық соманың шегінде беріледі.

Алдын ала тұрғын үй заемы бойынша қалдық осы Заңның нормаларына, банктің ішкі кредит саясатына және банктік заемның жеке шартының талаптарына сәйкес шарттық соманың есебінен өтеледі;";

14) тармақшада ",бұл уақыт кезеңі өткеннен кейін шарттық сома төленеді" деген сөздер алып тасталсын;

18) тармақшада "жинақтау мен кредит беру мерзімдерін, салым бойынша сыйақы ставкаларын және өзге де талаптарды" деген сөздер "салым бойынша сыйақы ставкаларын және жинақтау мен кредит берудің өзге де талаптарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

4-тармақта "жиырма бес" деген сөздер "елу" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақта:

бірінші абзацта "және аралық" деген сөздер ", аралық тұрғын үй және алдын ала" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) басқа ұйымдарда ипотекалық тұрғын үй заемын алу үшін бастапқы жарна енгізу түсініледі.";

9-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

3) 4-баптың 2-тармағында "немесе өзін осы Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес қызметпен айналысатын тұлға ретінде сипаттай алмайды" деген сөздер "және (немесе) осы Заңның 5-бабының 1-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыра алмайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасында "және аралық" деген сөздер ", аралық тұрғын үй және алдын ала" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кассалық операциялар - қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, осы баптың 1-тармағында және 2-тармағының 2), 6) тармақшаларында көрсетілген банк операцияларының бірін жүзеге асыру кезінде оларды қабылдау және беру;

2) аударым операциялары - жеке тұлғалардың төлемдер мен ақша аударымдары жөніндегі тапсырмаларын орындау;";

3) тармақша алып тасталсын;

5) 7-бапта:

1-тармақта:

екінші бөлікте "және аралық" деген сөздер ", аралық тұрғын үй және алдын ала" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте алдын ала тұрғын үй заемдарын беру үшін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы пайдаланылмайды.";

6) 8-бапта:

2-тармақта:

мемлекеттік тілдегі мәтінде 5) тармақшада "растағанда" деген сөзден кейін "тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шарт күшіне енгеннен кейін кемінде 3 (үш) жыл өткен соң жүргізіледі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттің сыйлықақысы тұрғын үй заемын алуға арналған өтініш берген сәтке дейін есептеледі.";

5-тармақта "аралық тұрғын үй" деген сөздерден кейін "және алдын ала тұрғын үй"

деген сөздермен толықтырылсын;

7) 9-баптың:

тақырыбында "және аралық тұрғын үй" деген сөздер ", аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "және аралық тұрғын үй" деген сөздер ", аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 11-баптың:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың 1) тармақшасында "аралық тұрғын үй заемын" деген сөздер "аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй заемын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК